

«ҚазТрансОйл» АҚ 2013 жылғы бірінші жарты жылдығына қаржы-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметі бойынша қорытындысын хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ 2013 жылдың бірінші жарты жылдығына қаржы-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметі бойынша алдын-ала қорытындысы туралы жұртшылыққа айтып білдіреді.

Бөлек «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау және айдаудың көлемі 26 млн. 198 мың тоннаны құрады, бұл бірінші жарты жылдықтағы жоспармен 2%-ға жоғары және 2012 жылдың бірінші жарты жылдығындағы ұқсас көрсеткішінен 1% төмен.

Сонымен қоса шоғырландырылған мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау мен айдаудың көлемі 32 млн. 681 мың тоннаны құрады, жоспарлы межеден 3% және 2012 жылдың бірінші жарты жылдығындағы ұқсас нәтижесінен 2% жоғары.

Мұнайдың айналымы бөлек «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша 18 млрд. 334 млн. тонна-километрді құрады, бұл жоспарлы межеден 12% және 2012 жылдың бірінші жарты жылдығындағы ұқсас көрсеткішінен 10% жоғары.

Ал шоғырландырылған айналымы 22 млрд. 510 млн. тонна-километрді құрады, бұл жоспарлы межеден 10% және 2012 жылдың бірінші жарты жылдығындағы ұқсас көрсеткішінен 11% жоғары.

Есеп беру кезеңі бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстанның Атырау және Маңғыстау облыстарының тұтынушыларына Астрахань – Маңғыстау суағызғысы арқылы су беру көлемі 11 млн. 237 мың текше метр болды, бұл жоспарлы межеден 9% және 2012 жылдың бірінші жарты жылдығындағы ұқсас көрсеткішінен 2% жоғары.

2013 жылдың бірінші жарты жылдықтағы негізгі қызметтен түскен шоғырландырылған кіріс көлемі 82 млрд. 375 млн. теңгені құрады, бұл жоспарлы межеден 10% және 2012 жылдың бірінші жарты жылдығындағы көрсеткішінен 44% жоғары.

2013 жылдың бірінші жарты қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ шоғырландырылған таза пайдасы 33 млрд. 757 млн. теңгені құрады, бұл жоспарлы межеден 62% және 2012 жылдың бірінші жарты жылдығы ішінде қалыптасқан көрсеткішінен 155% жоғары.

2013 жылдың бірінші жарты жылдығындағы шоғырландырылған қаржы көрсеткіштері заңнамамен орнатылған мерзімінде жарияланады.

«ҚазТрансОйл» АҚ қаржы есептілігімен корпоративтік сайтымызда мына меке-жай бойынша танысуға болады: [Қаржылық ақпарат \(жылдық және аралық қаржы есебі\)](#)